



**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 58/381 "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 4/25 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 7232 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 44 , 104, 106, 109, 111-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 58/381 шешіміне (2021 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6885 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 5 332 718,2 мың теңге;

салықтық түсімдер - 503 940 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 7 374 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 17 532 мың теңге;

трансферттер түсімі - 4 803 872,2 мың теңге;

2) шығындар - 5 433 769,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 69 975 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 109 387 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 39 412 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін

сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 171 026,7 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын

қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 171 026,7 мың теңге:

қарыздар түсімі - 109 387 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 39 412 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын

қалдықтары - 101 051,7 мың теңге.";

1-1 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-1. 2021 жылға арналған аудан бюджетінің шығындарында қаржылық жылдың басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттардың бос қалдықтары есебінен республикалық бюджеттен және облыстық бюджеттен 2020 қаржылық жылда бөлінген пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару 4 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

1-2 тармақпен келесі мазмұнда толықтырылсын:

"1-2. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде шығындар қаржылық жылдың басына қалыптасқан қаражаттардың бос қалдықтары есебінен 5 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.";

9 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"9. 2021 жылға арналған аудандық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің залалын өтеуге арналған шығындар 2 978 372 мың теңге сомада қарастырылсын.";

12 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"12. 2021 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттің нысаналы трансферттерінің түсімі есепке алынсын, соның ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы "Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" № 990 қаулысымен бекітілген Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында: "Ауыл-Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға, соның ішінде:

Явленка ауылы, Коваленко көшесі, 27А мекенжайында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға;

Есіл ауданының Корнеевка Мәдениет үйінің күрделі жөндеуіне;

Есіл ауданының Корнеевка ауылында жарықтандыруы және тратуарларымен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

Явленка ауылында терезе блоктарын ауыстыру және ғимараттың қасбетін керамогранитпен жабумен Мәдениет үйі ғимаратының күрделі жөндеуіне;

Амангелді ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

Явленка ауылындағы кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

Петровка ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;

- Покровка ауылында жарықтандырумен кентішілік жолдардың орташа жөндеуіне;  
 2) Ауылдық кітапханаларды телефондандыруға, интернет желісіне қосуға;  
 3) Ауылдық кітапханаларға интернет үшін компьютерлер сатып алуға.

Облыстық бюджеттен аталған нысаналы трансферттерді бөлу "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.";

15 тармақта 12) тармақша алынып тасталсын;

18 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"18. 2021 жылға арналған Есіл ауданының жергілікті атқарушы органдарының резерві 29 981,3 мың теңге сомада бекітілсін.";

аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

аталған шешім осы шешімнің 2, 3 - қосымшаларына сәйкес 4, 5 - қосымшалармен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихаты  
 сессиясының төрайымы, мәслихат хатшысы*

*А. Бектасова*

*Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихаты  
 сессиясының төрайымы, мәслихат хатшысы*

*А. Бектасова*

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Есіл ауданы мәслихатының  
 2021 жылғы 31 наурыздағы  
 № 4/25 шешіміне  
 1 - қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
 Есіл ауданы мәслихатының  
 2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
 № 58/381 шешіміне  
 1 - қосымша

## 2021 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
			1) Кірістер	5 332 718,2
1			Салықтық түсімдер	503 940
	03		Әлеуметтік салық	341 234
		1	Әлеуметтік салық	341 234

	04		Меншікке салынатын салықтар	49 500
		1	Мүлікке салынатын салықтар	49 000
		5	Бірыңғай жер салығы	500
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	109 948
		2	Акциздер	1 900
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	101 000
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 048
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 258
		1	Мемлекеттік баж	3 258
2			Салықтық емес түсімдер	7 374
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 374
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 200
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	44
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	130
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	17 532
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	15 532
		1	Жерді сату	15 532
4			Трансферттердің түсімдері	4 803 872,2
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	1 4 884,5
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	1 4 884,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 788 987,7
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 788 987,7
			Бағдарлама Атауы	Сомасы (мың)

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		теңге) 2021 жыл
		2) Шығындар	5 344 769,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 66 085,5
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	22 373
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 373
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	125 654
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	125 654
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 7 627,5
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34 115
		113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	500
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 349
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 663,5
	495	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	480 431
		001 Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 719
		113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	446 712
02		Қорғаныс	12 864
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	12 864
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 175

		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 909
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің , сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	780
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 000
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 000
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1 000
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	617 747
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	579 998
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	289 215
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	7 946
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	71 974
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	25 390
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	104 509
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	38 524
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	42 440
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	37 749
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы	32 282

			мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	3 498
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 969
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	374 859
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	374 859
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1 477,8
		014	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	291,7
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 787,5
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	357 000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	211 743
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	157 890
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 000
		010	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	11 700
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	76 772
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	67 824
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	594
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7 485
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7 485
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	27 312
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 245
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	400

		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	11 667
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	19 056
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 925
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 131
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	78 973
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 560
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	28 560
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	35 606
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35 606
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14 807
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 807
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	2 000
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 000
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2 000
12			Көлік және коммуникация	19 603
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	19 603
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	18 927
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	676



13			Басқалар	206 599
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	12 896
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 896
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	129 625
		052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	129 625
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 9 981,3
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	2 9 981,3
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 4 096,7
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	3 4 096,7
14			Борышқа қызмет көрсету	279
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	279
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	279
15			Трансферттер	3 242 017,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 242 017,4
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	7 405,4
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2 978 372
		038	Субвенциялар	256 240
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	69 975
			Бюджеттік кредиттер	109 387
		Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			теңге) 2021 жыл
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	109 387
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	109 387
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	109 387
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 412
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 412
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	39 412
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	39 412
			4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржылық активтерді сатып алу	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-171 026,7
			6) Тапшылық орнын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану)	171 026,7
7			Қарыздар түсімдері	109 387
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	109 387
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	109 387
Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
16			Қарыздарды өтеу	39 412

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	39 412
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	39 412
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
8			Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары	1 01 051,7
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 01 051,7
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 01 051,7

Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 4/25 шешіміне 2 - қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 58/381 шешіміне  
4 - қосымша

**2021 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару, 2020 жылы пайдаланылмаған республикалық, облыстық, аудандық бюджеттердің нысаналы трансферттерін қайтару**

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
4			Трансферттердің түсімдері	124
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	124
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	124
			соның ішінде:	
			республикалық бюджеттен:	0,3
			Ильинка ауылдық округі	0,1
			Явленка ауылдық округі	0,1
			Спасовка ауылдық округі	0,1
			облыстық бюджеттен:	0,2

			Ильинка ауылдық округі	0,1
			Явленка ауылдық округі	0,1
			аудандық бюджеттен:	123,5
			Заречный ауылдық округі	1,3
			Заградовка ауылдық округі	0,4
			Петровка ауылдық округі	80
			Явленка ауылдық округі	41,8
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	7 404,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	7 404,9
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	7 404,9
			Барлығы:	7 528,9
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге) 2021 жыл
			2)Шығыстар	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	123,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	123,5
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	123,5
15			Трансферттер	7 405,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 405,4
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	7 405,4
			Барлығы:	7 528,9

Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 4/25 шешіміне 3 - қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 58/381 шешіміне  
5 - қосымша

## 2021 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын бағыттау

				Сомасы (мың)
		Бағдарлама	Атауы	

Функционалдык топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			теңге) 2021 жыл
			2) Шығыстар	
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1 1 567,5
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9 864
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 864
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	623,5
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	500
			соның ішінде: Амангелді ауылдық округі(ағымдағы шығындарға)	500
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	123,5
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 080
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 080
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17 859
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17 859
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	1 4 779,8
		014	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	291,7
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 787,5
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	250
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	250
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	250
			Ауыл, су, орман, балық шаруашылықтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған	

10			ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	805
	463		Аудан (облыстық маңызы бар қала) жер қатынастары бөлімі	805
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу облысында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру қызметі	805
12			Көлік және коммуникациялар	676
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	676
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	676
13			Басқалар	1 9 404,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 9 404,3
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1 9 404,3
15			Трансферттер	57 969
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қала) экономика және қаржы бөлімі	57 969
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	57 969
			Барлығы:	1 08 530,8